ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 8 қазан №1513-25-00-2/2258 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы Д.Н.Тажимуратова отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«AJI Global Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«VENS Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«ARQALYQREMSERVIC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі О.Ж.Жарасханова
жауапкер өкілі Ж.Н.Аблаев
үшінші тұлға өкілі А.А.Тулегенов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 31 шілдеде «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай-Бөлім) тарапынан №15133439-2 «Таңшолпан т/а еріген суды бұру» бойынша жалпы сомасы 30 797 410,71 теңгеге және №15133647-2 «Горпрокуратура, Зооветснаб-2,

Водоснабженец бау-бақша ұжымнан еріген суды бұру жұмыстары» бойынша жалпы соммасы 56 238 467 теңгеге мемлекеттік сатып алулар бойынша ашық конкурстар жарияланған.

Ашық конкурсқа «AJI Global Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен (әрі қарай-Серіктестік) әлеуетті өнім беруші ретінде ұсыным түскен.

Әлеуетті өнім беруші Серіктестіктен материалдық ресурстар бойынша «ARQALYQREMSERVIC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 2025 жылғы 4 тамызда арнайы техниканы жалға беру шарты негізінде жалға алынған Погрузчик фронтальный - 534 Е, мемлекеттік нөмері AFD 927P техникасын ұсынған.

Конкурстық біліктілік талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші 1 дана жүк көтергішті 5,2 тоннадан кем емес бір шөмішті әмбебаб фронталды пневмокөлік тиегіштер талап етілген материалдық ресурстарымен қамтылуы тиіс.

Серіктестіктің және «VENS Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің конкурстық өтінімдерін қарау барысында, Серіктестіктің тарапынан Погрузчик фронтальный - 534 Е, мемлекеттік нөмері AFD 927P техникасы, «ARQALYQREMSERVIC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 2025 жылғы 4 тамыздағы жалға алу шарты негізінде жалға алынғаны және «VENS Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіің тарапынан Погрузчик фронтальный - 534 Е, мемлекеттік нөмері AFD 927P техникасы, «ARQALYQREMSERVIC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 2025 жылғы 7 тамыздағы жалға алу шарты негізінде жалға алынғаны анықталды.

Серіктестіктің және «VENS Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің конкурстық өтінімдері, біліктілік талаптарына сай келмеуіне байланысты қабылданбаған.

«VENS Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен қорытынды хаттамасына шағым түсірілген.

Шағымды қарау барысында «ARQALYQREMSERVIC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің хатына сәйкес, Погрузчик фронтальный - 534 Е, мемлекеттік нөмері AFD 927P техникасы, Серіктестікке жалға берілмегені және келісім шарт жасалмағаны анықталған.

Талап қоюшы әлеуетті өнім беруші жауапкер анық емес ақпарат беру фактісі анықталуына байланысты сотқа талап қою беріп, онда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады, өйткені жауапкер конкурсқа өтінім жолдаған кезде анық емес ақпарат бергенін айтып көрсетті.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.10.2025

Сот отырысында жауапкер өкілі талап қоюды мойындамай, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады, өз түсініктемесінде аталған іс әрекеттерімен қандайда бір тұлғаға зиян келтірмегенін және де жалға берушінің өзі шартты мойындағанын, яғни, шартқа өзі қол қойып, техниканы пайдалануға бергенін айтып көрсетті.

Үшінші тұлға «VENS Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі талап қоюшының талап қоюын сот қарауына қалдыруды сұрап, өз түсініктемесінде «ARQALYQREMSERVIC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен аталған техниканы жалға алғанын растап, алайда олардың шағымы бойынша тексеріс өткізілген кезде жауапкер аталған техниканы «ARQALYQREMSERVIC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен алмағаны анықталғанын айтып көрсетті.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен үшінші тұлға «ARQALYQREMSERVIC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өкілі сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай-АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі үшінші тұлға өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сәйкес (әрі қарай-АПК), әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.10.2025

Заңның 3-бабына сай анық емес ақпарат - біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Аталған норманың талаптарының мәнісін түсінуге сәйкес анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін оның біліктілік талаптары мен құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергендігі дәлелденуі қажет және осы анық емес ақпарат конкурстық баға ұсынысына әсер еткендігі дәлелденуі қажет, сонымен қатар, шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер дәлелденуі тиіс. Осы шарттардың жиынтығында әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға болады, ал осы шарттың біреуі болмаған кезде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудан бас тартуға жатады.

Іс құжаттарынан, жауапкер конкурсқа қатысқан кезде Погрузчик фронтальный - 534 Е, мемлекеттік нөмері AFD 927P техникасы бар екендігі туралы құжаттарын ұсынғаны анықталды.

Іс жүзінде Погрузчик фронтальный - 534 Е, мемлекеттік нөмері AFD 927P техникасы жауапкерде болмағаны, яғни, жауапкер конкурсқа қатысқан кезде анық емес ақпарат ұсынғаны анықталуда.

Аталған жағдай, жалға беруші «ARQALYQREMSERVIC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің хатымен дәлелденеді. Яғни, хатта 2025 жылғы 7 тамызда «ARQALYQREMSERVIC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «VENS Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында Погрузчик фронтальный - 534 Е, мемлекеттік нөмері AFD 927P техникасын жалға алу шарты жасалғанын. Одан басқа, Серіктестікпен қандай да жалға алу шарты жасалмағаны және аталған шарт жалған болып табылатынын көрсеткен. Серіктестік анық емес ақпарат бергеніне байланысты оған шара қолдануды сұрады.

Жауапкер тарапынан талап қоюшының ұсынған дәлелдемелерін жоққа шығаратын және де өз қарсылықтарын растайтын дәлелдеме құжаттарды сотқа ұсынбаған.

Талап қоюшы тарапынан осы іске қатысты, жауапкер конкурсқа қатысқан кезде анық емес ақпарат бергені туралы барлық дәлелдеме құжаттарын ұсынған.

Сот жауапкер өкілінің аталған іс әрекеттерімен қандайда бір тұлғаға зиян келтірмегенін және де жалға берушінің өзі шартты мойындағанын,

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.10.2025

яғни, шартқа өзі қол қойып, техниканы пайдалануға бергені туралы уәждерін негіссіз деп санайды, өйткені сот отырысында анықталғандай жауапкер мен жалға беруші техниканы жалға алу шарты жасалғанымен, аталған техника жауапкерге берілмеген, одан басқа, жалға беруші аталған техниканы жалға беру шарты негізінде үшінші тұлғамен шарт жасасқаны анықталды. Бұл ретте жауапкер конкурсқа қатысқан кезде ұсынылғын ақапаратттың дұрыстығына жауапты болуға міндетті.

Одан басқа, үшінші тұлға «ARQALYQREMSERVIC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сотқа жолданған арызында жалға беруші Серіктестік пен үшінші тұлға «VENS Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіменде шарт жасасқанын, өзінің бұған дейін берілген арызында шарт жасалмаған деп көрсеткені дұрыс емес екенін мойындайтыны туралы уәждерін сот негізсіз деп санайды, себебі жалға берушінің бастапқы берген арызы шындыққа сәйкес келеді, ал аталған уәждері жауапкерді жауапкершіліктен босатуға үшін көрсетілген деп санайды.

Сот, зерттеліп анықталған мән-жайлар негізінде талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай АПК) 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «AJI Global Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «AJI Global Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.10.2025

шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.10.2025

1513-25-3-1/3020